# ШОРТАНБАЙ ҚАНАЙҰЛЫ

***(1818 – 1881)***

Ақынның өмірбаяны туралы мәліметтер аз. Бұл жөніндегі деректердің көбі шашырап жеткен үзінді. Бір алуан мәліметтерге қарағанда, осы күнгі Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан ауданындағы Қаратау деген жерде туған. Екінші бір деректе Ақмешіт қожасы делінеді, бірақ өмір сүріп, ақындық құрған жері Қарқаралы уезіндегі Бесата деген ел. Алғашқы кезде Жамантай төренің маңында болған, кейін Жанғұтты бидің қолына барып, сонда өлген.

Шығармалары XIX ғасырдың 70-жылдарында жарық көріп, "Бала зары" деген атпен Қазан қаласында бірнеше рет басылып шықты.

Ақын қазақ даласына отаршылдық алып келген қайғылы хал-ахуалды, заман зарын, дін мен діл, имандылық ирімдерін өз шығармаларына өзек етті.